

# Спортшылар марапатталды



**«Арқалық қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ –нің тапсырысы бойынша «Жастар – Азаматтық бағамалар орталығы» ҚБ «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы аясында Арқалық қалалық балалар - жасөспірімдер спорт мектебінің (1980 - 2020) 40 жылдығына**

**арналған іс - шаралар кешенін ұйымдастырды.**

Салтанатты шараға қала әкімі Қайрат ӘБШЕВ қатысып, спорт ардагерлерін мерейтойға арнайы жасалған төсбелгімен марапаттады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев спорттың дамуына айрықша көңіл бөліп келеді. Бүгінде спортты дамыту – мемлекеттің басым бағыттарының біріне айналып отыр. Мемлекеттің қамқорлығының арқасында ел спорт-

шылары әлемдік спорт сайыстарында ел мерейін асқақтатып келеді.

Спорт мектебінің жетістіктерін облыстық Жастар саясаты басқармасының басшысы Марат ЖҰРҚАБАЕВ пен ҚР – ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Абай САРЫБАЕВТАР да тілге тиек етті.

Өз тарихы 1980 жылдан бастау алатын спорт мектебі бүгінде көптеген саңлақ спортшыларды тәрбиелеп, қанаттандырды. Сәуле РАБДУЛЛИНА, Владимир КРЕСС, Ерлан ЕСТЕК сынды спортшылары әлемдік додаларда олжа салған. Бір ғана кір тасын көтеру спортынан 32 спортшы халықаралық деңгейде топ жарған.

Бүгінде спорт мектебінде: Сержан РЫСМӘМБЕТОВ (мектеп директоры), ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Александр ШПИЛЕВОЙ, Күнтуар ЖӘҢКІШЕВ, Азамат ЕРӘДІЛОВ, Марат СЕЙІТМАҒАНБЕТОВ, Мұрат СЫЗДЫҚОВ, Данияр ҚАРПЫҚОВ, Жұлдыз РАҚЫМОВА, Алтынбек БОЛАТОВ т.б. тәрізді ерен еңбек иелері жас жеткіншектерді спорттың алуан түріне жаттықтырып жүргенін айта кетейік.

**Бетті дайындаған  
Дархан АМАНТАЙҰЛЫ**